

Кунекова Т.М.

**ОРЫС ТІЛДІ МЕКТЕПТЕРДІ ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
АРАСЫНДА ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРЫНА
ОҚЫРМАНДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫНЫҢ ДЕҢГЕЙІ**

Кунекова Т.М.

**УРОВЕНЬ ЧИТАТЕЛЬСКОГО ИНТЕРЕСА К ПРОИЗВЕДЕНИЯМ
ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ КАЗАХСКИХ ПИСАТЕЛЕЙ СРЕДИ
СТАРШЕКЛАССНИКОВ РУССКОЯЗЫЧНЫХ ШКОЛ**

УДК:371/896.7

Автор статьи делится материалами эксперимента, который он проводил среди учащихся старших классов школ с русским языком обучения с целью выявления уровня читательских интересов старшеклассников к художественным произведениям казахских авторов.

Ключевые слова: исследование, казахские писатели, художественные произведения, читательский интерес, уровень, учащиеся старших классов

The author of the article divides the materials of the experiment which was performed among students from schools with Russian language with the purpose of identify of the level of students' reading interests to masterpieces of Kazakh authors.

Key words: research, library, Kazakh authors, masterpiece, reading interests, level, school student.

«Қазақтың төл мәдениеті, соның ішінде әдебиет әлемдік көркем мәдениеттің бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар осы байлықтың түпнұсқасымен танысу қазақтарға салт-дәстүрді, бүтіндей алғанда туған мәдениетті ғана меңгеруге мүмкіндік бермейді, сондай-ақ туған тілде тілдік қызметті қолдауға, жеке тұлғаның қабілеттерін дамытуға және стандартты құрылым элементтерінен әркез аяқталған түпнұсқа сөз тудыруға көмектесетіні сөзсіз» [1, 35-6].

Жоғары сынып оқушыларының оқырмандық қызығушылық деңгейін меңгеру мақсатында бірқатар зерттеу жұмыстары жүргізілді. Біз зерттеу жұмысы барысында жалпыдан жекеге принципін ұстандық.

Оқушылардың қазақ авторлары туындыларына оқырмандық қызығушылығының деңгейін зерттеудің бастапқы кезеңінде сауалнама жүргізілді, оқырмандық тіркеу кәртішкелері, оқырмандық күнделіктер зерттелді, білім алушылармен, ата-аналармен және кітапханашылармен әңгіме-сұхбат жүргізілді.

Біздің алдымызда шешуді қажет ететін бірқатар міндеттер тұрды:

- орыс тілді мектептің жоғары сынып оқушыларының тұлғалық бағытын зерттеу;
- оқу қызметінің уәжін ашу;
- білім алушылардың оқырмандық қызығушылық ортасымен танысу;
- білім алушылардың қазақ авторларының туындыларына оқырмандық қызығушылықтарының деңгейін анықтау.

Алынған нәтижелерді талдауда біз төмендегілерді анықтадық:

а) білім алушылардың басым қызығушылығы олардың болашақ мамандықты таңдауға бағдар жасаумен байланысты;

б) білім алушылар көбінесе информатика, математика, Қазақстан тарихы, шет тілі сияқтар пәндерге қызығады;

в) білім алушылардың әдебиетке, оның ішінде қазақ әдебиетіне қызығушылығы кең, артық емес, олар бұл пәнге онша қызықпайды.

Білім алушылар «Сендер қазақ авторларының туындыларын қандай себеппен оқисыңдар?» деген сұраққа оларды белсенді оқуға итермелейті бірнеше факторларды келтірді:

- көркем туынды тақырыбы және онда көтерілген мәселе бойынша шығарма, реферат жазу үшін және хабарламалар жасау үшін;

- тарихи сипаттағы сұрақтарға жауап алу үшін;

- адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас жасау мәселелерін білу және оларды шешу жолдарын анықтау үшін;

- сюжеттің динамикалыдығы және тереңдігі, өткірлігі қызықтырады;

- халықтың рухани мәдениетінің мән-маңызын түсіну үшін;

- зияткерлік деңгейді арттыру үшін;

- жазушының тілі мен стилі қызықты;

- оқуға кеңес берді;

- бұл қазір сәнге айналған;

- «бұдан басқа еш нәрсемен айналысу мүмкін болмағандықтан».

1-кесте - Зерттеудің бірінші кезеңінде қазақ авторларының туындыларына оқырмандық қызығушылық деңгейінің көрсеткіштері

Жоғары сынып оқушыларының оқу уәжі қаыдай?

Оқушыларға тапсырма береміз: Махамбеттің казак тіліндегі кемінде 5 өлеңін жаттау, бұдан төмендегідей қорытынды шығарамыз:

- оқушы жаттаған әрбір өлені үшін бір балл алады;

- 5-суден артық өлен жаттаған білім алушылар қалалық көркем сөз оқу сайсына катысу мүмкіндігіне ие болады;

М. Өтемісұлының өмірі мен шығармашылығын жақсы меңгерген оқушылар «Ақылшылар» атты зияткерлік ойынына катысады.

Зерттеу барысында төмендегідей алуан түрлі кедергілер кездесті:

- мұғалімнің мақтау сөзін естуге ұмтылу және жақсы баға алуға тырысу (білім алушылардың 75-85 %-ы);

- ойын қызметіне және ойлау қызметіне қызығушылық (білім алушылардың 25-15 %-ы).

«Балалар. сендерде оқырмандық күнделік бар ма?» деген сұраққа он жауап ала алмадық. Тек оқушылардың кейбірі ғана бастауыш сыныптарда оқырмандық күнделік ашу тәжірибесінің болғандығын және бұл жұмыстың кейінірек қолға алынбағанын айтты. Ал бір оқушы қыз кітаптын, ыегізінен, шығыс мәліметтері туралы (автордың аты-жөні, кітаптың атауы, «кітапұнады», «орташа», «жаман емес» секілді өзінің ішкі әсері жазылғай) қысқаша ақпарат жазылған күнделігін көрсетті.

Кітапханашылармен әңгімелесу және жоғары сынып оқушыларының оқырмандық көртішкелерін зерттеу барысында біз балалардың оқырмандық қызығушылықтары әр түрлі екеніне көз жеткіздік: тарихи тақырып, фантастика (киял-гажайып), қазіргі заманғы философиялық ертегілер, шытырман оқиғаға құрылған әдебиет. Қазак авторларының туындыларынан тек казак әдебиеті сабақтарында оқуға жэые меңгеруге кеңес берілген туындылар ғана орыс тілінде оқылған. Олар: М. Әуезовтің «Абай жолы». Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ғ. Мүсіреповтің «Қазак солдаты», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» туындысы. А. Құнанбаевтың лирикасы, Б. Алтынсариннің әңгімелері және тағы басқалар. Қазак авторларының казак тіліндегі туындыларын оқу өте сирек кездеседі.

«Жоғары мәдениет - бұл, бәрінен бұрын, ұлт пен мемлекеттің өмір сүруінің негізгі шарты болып табылатын жоғары құндылықтар жүйесі».

«Адамдық құндылықтар тарихы, адамдарды өмірге, өлімге, махаббатқа, Құдайға, ар-намысқа, заттар мен идеяларға катынасы - бұл адамзат болмысының шын мәніндегі өзегін көрсететін тарих» [2].

Біз эксперимент барысында жоғары сынып оқушыларын философиялық, этикалық, тарихи болмыс мәселелері толғандыратынын анықтадық. Оларға «Адам -табиғаттың бір бөлшегі», «Адам және Құдай», «Адам және оның өмірдегі мәні мен орны», «Әйел-ана - өмірдің негізі», «Әйелдің рөлі, еркектің орны (қорғаушы, жасампаз): әйел мен еркек

Қазак авторларының туындыларына оқырмандық қызығу деңгейінің көрсеткіштері	9-сынып 90 оқушы		10-сынып 90 оқушы		11-сынып 90 оқушы	
	саны	%	саны	%	саны	%
Окумен айналысатын тұрақты оқырмандар	4	5	6	7	9	10
Окуды жақсы көретіндер, бірақонымен жиі айналыспайтын дар	3	4	6	7	6	7
Мектеп бағдарламасы бойынша оқитындар	25	28	15	16	12	14
Аз оқитындар, бірақ ойлы, парасатты оқитындар	4	5	6	7	12	14
Тым аз және сирек оқитындар	65	70	57	63	51	55

арасындағы қарым-қатынас», «Ата-ана мен бала арасындағы психологиялық қатынас», «Табиғат - Құдайдың ерекше құдыреті», «Жақсы және жаман», «Даналық, төзімділік. шыдамдылық, жеке қадір-қасиет, абырой сезімі, еркіндікті сүю», «қазіргі заманғы казак, қыз бала және ер бала қандай болуы керек?». «Мықты тұлға, Көшбасшы қандай қасиетгерге ие болуы керек?» сияқты тақырыптар ұнайды.

Адамзат оқудан басқа білімді тиімді алу жолдарын білмейді. Ол адам дамуын басқа құралдарға қарағанда жылдамырақ активтендіреді. Білім алушыларды оқуға жұмылдыру ақпараттың маңызды көздеріне жол ашып қана қоймайды, сонымен қатар оған әсер етеді (оның жанын қорғайды, ақылы мен жүрегін қоректендіреді, өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан тұлғаға айналдыруға және қандай қиын жағдай туындаса да, өмір сүруге бейімді болу, өмірдің қиындықтарына жауап бере білу қабілетін арттыруға көмектеседі).

Білім алушылардың казак әдебиеті туындыларына оқырмандық қызығушылығын қалыптастыру барысында отбасының рухани атмосферасы ерекше рөл атқарады. Отбасылық оқу - балаларды отбасында тәрбиелеудің ұмытылып қалған құбылысы. Әрине, мұның элеуметтік сипаттағы объективтік себептері де бар, яғни ата-аналар негізінен материалдық мәселелерді шешумен айналысады.

«Сіздің отбасыңызда оқудың алатын орны қандай?» деген сұраққа балалар бірыңғай жауап бермейді. «Иә, біздің отбасында оқу - бұл сүйікті жұмыстардың бірі. Біздің кітапханамыз үлкен, онда казак авторларының 20-30 туындысы бар. Әсіресе, І.Есенберлиннің «Көшпелілер», Б. Жандарбековтің «Сактар» атты тарихи романдарын қайта-қайта

окуды жақсы көреміз. Осы кітаптардың аркасында мен казактардың өткен өмірі туралы көп мағлұмат алдым. Біз кітапханамызды кітаптармен толтыруды одан әрі жалғастырамыз. Менің ата-анам және біз, балалар, кітапханаға кітаптар, журналдар алу үшін жиі барамыз. Оны оқып болғаннан кейін біз талқылауды, дауласуды ұнатамыз, бірақ ата-анамыз көбінесе өз жұмыстарымен айналысатындықтан, мұндай кештер сирек болады» (Инна К.). Әрине, бұлайша ашық және анықайту аз кездеседі, сұралған білім алушылардың жалпы санының шамамен 22 %-ын ғана құрайды.

Оқушылар өз сауалнамаларында өз отбасыларының көркем туындыны оқуға қатынасы туралы жазады (сауалнамадан үзінділер). «Біздің отбасында әкем ғана оқуды жақсы көреді. ол детективке, фантастикаға. қызығады.

сондықтан біздің кітапханада осы жанрдағы кітаптар өте көп. Қазак авторларының туындылары өте аз, І. Есенберлиннің «Көшпелілері», М. Әуезовтің «Абай жолы» бар (Лаура У.).

«Менің анам қазіргі заманғы авторлардың махаббат туралы туындыларын оқуды жақсы көреді. Біздің үйде осы сериямен жарық көрген кітаптар өте көп. Сонымен қатар Наталья Правдинаның, Джон Кехоның, Роберт Кийосакидің, Пауло Коэльоның және т.б. кітаптары бар. Өкінішке орай, казак авторларының туындылары аз» (Иван А.). Осындай оқу мазмұнының деңгейі жоғары отбасылар 30 % -дан сәл артық.

«Менің ата-анамның оқуға уақыты жоқ. Олар жұмыстан кейін қатты шаршайды. сонымен қатар басқа да мәселелер жеткілікті. Біздің үйдегі кітапхана аса үлкен емес, онда, негізінен, мектепке арналған кітаптар бар. Мені кітап оқу қызықтырмайды. одан да теледидар көргенім жақсы немесе компьютермен жұмыс істеймін. Содан соң маған күрес үйірмесіне бару керек» (Николай А.). Мұндай жауаптар 50 %-ды құрайды.

Жоғары сынып оқушыларының казак авторларының туындыларына оқырмандық қызығушылығының деңгейі анықтау мақсатында, біз сауалнама жүргіздік. Төменде берілген сауалнама сұрақтарына № 2, №7, №8, №11, №20 орыс тілді мектептің және «Озат» дарынды балалар мектебінің, сонымен қатар Педагогикалық колледж жанындағы мектептің 10-11-сынып оқушылары жауап берді, әр сыныпта 30 адам болды:

1. Сендер казак жазушыларының туындыларың нокисыңдар ма?

2. Сендер казак жазушылары туындыларының түпнұсқасын оқисыңдар ма?

3. Сендер казак жазушыларының аударылған туындыларын оқисыңдар ма?

4. Сендерді казак әдебиеті жазушыларының туындылары қызықтыра ма?

5. Сендер мектеп бағдарламасы бойынша оқуға міндетті казак жазушыларының туындыларын оқисыңдар ма?

6. Сендер кітапханаға барасыңдар ма?

7. Сендердің үйдегі кітапханаларында казак авторларының туындылары бар ма?

8. Сендердің ойларыңша. казак жазушыларының туындыларын оқуға деген қызығушылықты отбасында жүзеге асыру дұрыс па?

9. Сендердің ойларыңша. казак жазушыларының туындыларын оқуға деген қызығушылықты мектепте жүзеге асыру дұрыс па?

10. Мектептегі казак әдебиеті сабақтары көңілсіз және бірыңғай өтетіндіктен, сендерге казак жазушыларының туындыларын оқу қызықсыз ба?

11. Сендерге казак әдебиеті сабақтары қызықты ма және олар казак әдебиеті жазушыларының туындыларын оқуға қызығушылықты тудыра ма?

Сауалнама талдауы көрсеткендей, жоғары сынып оқушыларының 43 %-ы казак авторларының аударылған туындыларын оқиды, соның тек 2 %-ы ғана көркем туындылардың түпнұсқасын оқуға тырысады. Білім алушылар тарихи туындыларға ерекше қызығады. Олар: І. Есенберлиннің «Көшпелілер», «Алтын орда», Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романы, Б. Жандарбековтің «Сақтар» дилогиясы. Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің найзасы», М. Әуезовтің «Абай жолы» туындылары.

Орыс тілді мектептердің жоғары сынып оқушыларының арасында оқырмандық қызығушылықты зерттеу деңгейі көрсеткендей, біздің оқушыларға мәдениет ғарышы, болмыс, элеуметтік-саяси мәселелер, казак халқы өмірінің әр түрлі уақыттағы және кеңістік өлшеміндегі жылнамасы бәрібір емес.

Өзі туралы, өзінің әдебиетке қатынасы туралы 10-сынып оқушысы Карлығаш Б. Былай дейді: «Сенің пәнге қатынасың сабақтың немесе бағдарламаның қиындығына байланысты емес, ол мұғалімнің оны саған қалай жеткізгеніне тікелей байланысты. Откен оқу жылында біз казак әдебиеті бойынша көптеген туындыларды оқыдық. Бірақ меңгерілген материалдың көлемінің үлкендігіне карамастан, барлығы менің есімде, тіпті барлық туындылардың сюжетін мазмұндап бере аламын, сол кездегі көңіл-күйімді де сипаттап бере аламын. Мен мұғалімге, оның шыдамдылығына, түсінігіне, әділеттілігіне, сонымен қатар әдебиеттің жаңа және қызықты оқиғаларға толы қызықты элем екенін түсінуге мүмкіндік бергеніне ризамын. оған алғыс айтамын» (шығармадан үзінді).

Дегенмен білім алушылардың 50 %-ы әдебиетке, соның ішінде казак әдебиетіне жалпы немісұрайды қарайды.

Қазак әдебиеті оқу пәні ретінде мұғалім тұлғасына бірқатар мәнді кәсіби талаптар қояды.

Орыс тілді мектептердегі казак әдебиеті мұғалімдеріне күрделі әрі өте маңызды міндет қойылған. Ол - білім алушыларға көркем мәтінді, казак жазушылары мен акындары жасаған бейнелер мен ойлардың тереңдігін түсінуге үйрету, оларды Қазақ сөзі элеміне жетелеу. Осыған байланысты қазіргі заманғы педагогтарда шығармашылық еркіндік және оқыту формалары мен әдістерін таңдау құқығы бар, екінші жағынан, ол оқулықтардың көркем мәтіндердің, монографиялық және теориялық әдебиеттің, әдістемелік құралдардың тапшылығы жағдайында үнемі жұмыс істейді. Соңғы 3-5

жылдары әдістемелік журналарда бірқатар зерттеулер, басылымдардың жарияланғанын, казак авторларының туындылары жарық көргенін. казак әдебиеті қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерггеу бойынша казак және орыс тілдерінде монографиялық еңбектердің жарық көргенін айта кету керек.

Орыс тілді мектептерде казак әдебиетін оқыту қазіргі заманғы мұғалім-пән оқытушысына казак және орыс тілдері жетік меңгеруді, қандай да бір тілдің даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін білуді, әрбір әдебиеттің жанын, казак және орыс халықтарының ділін түсінуді міндеттейді.

Орыс тілді мектептерде казак әдебиетін оқыту казак тілін екінші тіл, басқа тіл ретінде оқытудың этиомәдени және лингвомәдени тәсілін талап етеді. «Созді айтудың және оны қабылдаудың жанды коммуникативтік үдерістерін, тілдік тұлға және ұлттық діл тәжірибесін зерттеу» «элементтілдік бейнесін» жүйелі сипаттауға мүмкіндік береді.

Қазак әдебиеті сабақтарында Қ. Нұрланова [3], М. Хасанов[4] сияқты философтардың. А. Сейдімбек[5] сияқты этнографтың еңбектерінің материалдары пайдалану маңызды.

Бұл туралы ғалым Г.М. Әлімжанова да анық жазады: «лингвомәдениет коыцетісінің мәдениеттанушылық мазмұны келесі мәліметтермен байланысты: 1) ойлаудың ұлттық ерекшеліктері. когамның әр түрлі даму кезеңдеріне тән және материалдық әрі рухани мәдениетте көрініс тапқан ыгізгі дүниетанымдық категориялар (филосо-

фиялық, діни. адамдық және т.б.) туралы; 2) ұлттық тарихи даму үрдісі туралы; 3) көркем мәдениет туралы; 4) салт-дәстүрлер. рәсімдер, рәміздер, нышандар туралы; 5) салт-дәстүрлермен тығыз байланысты тұрмыстық мәдениет туралы; 6) күнделікті тәртіп, мінез-құлық туралы (ұлттықтәртіп стереотиптері және т.б.)» [6, С. 67].

Қолданған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмажанова Т.К. Әдебиеттен жүргізілетін кластан тыс жұмыстардың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед.ғыл.докт. дисс: 13.00.02 -Алматы, 1996 -390б.
2. Владимир Непомнящий. Мәдениет, еркіндік, мектеп туралы. - Литература в школе. - 2002. - № 9. - 28-31 -бб.
3. Нурланова К. Человек и мир. Казахская национальная идея. -Алматы: Қаржы-қаражат,1994 - 48 с
4. Хасанов М., Каракузова Космос казахской культуры. - Алматы: Евразия, 1993 -79с.
5. Сейдімбек Акселеу. Қазак әлемі. -Алматы, 1998 - 380 б.
6. Алимжанова Г.М. Проблемы межкультурной коммуникации лингвокультурологии.//Из материалов сборника международной конференции «Профессор Н.Оралбаева және тіл білімі мен әдістеме ілімі» -Алматы, 2003.

Рецензентгк.пед.н., доцент Конбаева З.